

Абдықадырова А.А., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Педагогика факультеті, МДОЖТ-31-21 тобы.

(Бейсенбекова Г.Б. п.ғ.к, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының қауымдастырылған профессоры)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ DAҒДЫСЫН ДАМУЫ

Қазіргі заманда жаһандану мен ақпараттық технологиялардың дамуы адамдар арасындағы қарым-қатынасқа айтарлықтай ықпал етуде. Бұл өзгерістер қоғам мүшелерінің, әсіресе, ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдыларының маңыздылығын арттырады. Жас ұрпақтың өзіндік пікірі мен көзқарасын ашық жеткізе білуі, басқаларды тыңдау және түсіну қабілеттерін дамыту — заманауи қоғамның басты талаптарының бірі сонымен қатар, нормативті құжат МДББ стандарттында ересек жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту барысында балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативті дамыту міндеттерінде: Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. Одан күтілетін нәтижелер: қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын таниды, атайды; қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді; өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтады; жұмбақтардың жауабын табады; шешендік өнерге, айтыс өнеріне қызығушылық танытады. Сөздік қорын дамыту: Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу [1]. Сондай-ақ ұлттық құндылықтар — халықтың рухани байлығы мен мәдени мұрасы. Олар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, баланың рухани қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мақал-мәтелдері мен шешендік өнері балалардың коммуникативті қабілеттерін дамытуға таптырмас құрал бола алады. Сондықтан ұлттық құндылықтарды қолдана отырып, ересек жастағы балалардың қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Коммуникативті дағды — бұл балалардың өз құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау барысында тиімді өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін, жас ерекшелігіне сай қалыптасқан қабілеттер мен тәсілдер жиынтығы. Мектепке дейінгі кезеңдегі балалар үшін коммуникативті дағдылар: басқалармен байланыс орнатуға, эмоцияларын білдіруге және түсінуге, өз ойын жеткізуге, құрдастарымен және ересектермен әртүрлі жағдайларда қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Бұл дағдылар ойын барысында, топтық әрекеттерде, шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде және күнделікті өмірдегі қарым-қатынаста қалыптасады. Осы кезеңде балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту ересектердің белсенді қолдауымен жүзеге асады. Бұл дағдылардың дамуы болашақта баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, мектептегі жетістіктеріне және жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына негіз болады.

“Коммуникативті дағды” ұғымын зерттеушілер әртүрлі түсіндіреді. О.Н.Сомкова коммуникативті дағдыларды қоршаған адамдармен өзара әрекеттесудің сындарлы тәсілдері мен құралдарын меңгеру; қарым-қатынас жасай білу және қарым-қатынас арқылы пайда болатын ойын, тұрмыстық және шығармашылық мәселелерді сәтті шешу деп санайды[3].

Педагог А.Н.Шукин коммуникативті дағдылар арқылы адамның дамыған қабілеттері мен қол жеткізілген мақсаттар негізінде коммуникативті әрекеттерді шешу кезінде белгілі бір сөйлеу әрекетін орындауға деген ұмтылысын түсінеді [4].

Сонымен қатар, зерттеу негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларының құрылымында Мұнирова Л.Р. келесі компоненттерді бөліп көрсетеді: ақпараттық-коммуникативті, аффективті-коммуникативті, реттеуші-коммуникативті.

Ақпараттық-коммуникативті компонент қарым-қатынаста өзара әрекеттесу және ақпаратты қабылдау қабілеттерінен тұрады; әңгімелесушіде анықталатын дағдылар, қарым-қатынас кезінде туындайтын жағдайлар, сондай-ақ ауызша және вербалды емес қарым-қатынас

мүмкіндіктерін салыстыру, ауызекі сөйлеу және сыпайы қарым-қатынас тәсілдерін қолдану; өз ойларын әсерлі және кең тұжырымдау.

Аффективті-коммуникативті компонент қызығушылықтармен алмасу, сезімдермен бөлісу, өз әсерлерімен, жетістіктерімен, байланысқан серіктеспен көңіл-күймен бөлісу қабілеттерін қамтиды; қарым-қатынас арқылы таныс адамдарға қырағылық, жанашырлық, қызығушылық білдіру; эмоционалдық маңыздылығын бағалау мен мінез-құлықты қалыптастыру.

Реттеуші-коммуникативті компонент өз іс-әрекеттерін, пікірлері мен көзқарастарын құрдастарының қарым-қатынас қажеттіліктерімен үйлестіру қабілеттерінен тұрады; сенім білдіру, байланыста болған және көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсету, жеңілдіктер жасау; ұжымдық мәселелерді реттеу кезінде жеке дағдыларын пайдалану; алынған қарым-қатынас нәтижелерінің маңыздылығын анықтау дағдылары, кеңесу, келісім немесе келіспеушілік қалыптастыру.

Әрине, ересек жастағы балалардың ерекшеліктерінің бірі – баланың коммуникативті дағдылары өздігінен қалыптаспайды, бірақ ересек адамның баламен мақсатты жұмыс жүргізуінің нәтижесі болып табылады. Баланың коммуникативті дағдыларын дамытудың сәттілігі ересектердің осы жұмысты шебер ұйымдастыруына және тиісті әдістерді, формалар мен құралдарды таңдауға байланысты.

Ересек жастағы балаларда коммуникативті дағдыларды дамытудың тиімді құралы ретінде ойынды қолданудың орынды болуы ойын әрекеті жетекші қызмет түрі болып табылатындығымен негізделеді. Жалпы ойынның коммуникативті қабілеттерді дамыту құралы ретінде қолданылуын Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин ұсынды.

Д.Б.Эльконин ойынды баланың психикасындағы негізгі прогрессивті өзгерістер жүзеге асырылатын қызметтің жан-жақты түрі ретінде анықтайды.

Л.С.Выготскийдің пікірінше, мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық дамуында ойын маңызды рөл атқарады. Автор ойынның мәні тілектерді орындау екенін, бірақ жеке емес, жалпыланған эмоцияларды жүзеге асыру екенін атап өтеді.[6]. Ойын – бұл бұрынғы сезімдерді байыту және баланың ұмтылыстары мен тілектеріне сәйкес келетін заманауи шындыққа негізделген әрекет.

Алайда, ұлттық құндылықтар арқылы ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдысын дамытуда ойын таптырмас құрал. Ойын – бұл балалардың коммуникативті дамуын ынталандыратын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға, әлеуметтік мінез-құлық нормаларын түсінуге және қабылдауға көмектесетін балалар іс-әрекетінің бір түрі.

Ұлттық ойындар арқылы ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдыларды дамытудың тиімді психологиялық-педагогикалық құралы болып табылады. Оларды практикалық қызметте қолдану бірқатар мәселелермен байланысты:

- олардың алуан түрлілігі арасынан коммуникативті дағдыларды дамыту үшін ең тиімді ойындарды таңдау;

- балалар кезеңінің өзгеріштігін ескере отырып, әртүрлі жастағы балаларға арналған түрлі ұлттық ойындарды пайдалану;

- психологиялық-педагогикалық ғылымның дамуын және білім беру процесіне ақпараттық технологияларды енгізуді ескере отырып, жаңа ойындардың пайда болуы.

Ұлттық құндылықтарды баланың дамуына енгізу оның коммуникативті дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдыларын ұлттық құндылықтар негізінде дамыту – бұл тек балалардың тілдік дағдыларын жетілдіру ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік өзара әрекеттесуге және қоғамда өзін-өзі дұрыс көрсетуге мүмкіндік береді. Ұлттық тіл мен мәдениет арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту:

Қазақ халқының тілі мен мәдениеті, әдет-ғұрыптары балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыруда маңызды құрал бола алады. Мектепке дейінгі кезеңде ұлттық тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдылары балаларға тек сөздік қорын байытуға ғана емес, сонымен қатар ұлттық дәстүрлерді түсініп, оларды құрметтеуге мүмкіндік береді. Эмоциялық интеллект пен ұлттық құндылықтарды дамыту:

Ұлттық құндылықтар балаларға адамгершілік қасиеттерді ұғындыру арқылы олардың қарым-қатынаста өз эмоцияларын дұрыс білдіре алу қабілетін дамытады. Бұл дағды оларды топта жұмыс істеуге, басқа балалармен оңай тіл табысуға, қиын жағдайларда өз пікірін білдіруге үйретеді. Ұлттық құндылықтар арқылы құрдастарымен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға негіз болады [8].

Ұлттық құндылықтар арқылы коммуникативті дағдыларды дамыту әдістерінің бірі ұлттық ойындар болып табылады. Ұлттық ойындар — балалардың тұлғалық және коммуникативті дағдыларын дамытуға үлкен ықпал ететін мәдени және тәрбиелік құрал. Олар балалардың қарым-қатынас жасау, ынтымақтасу, логикалық ойлау, қимыл-қозғалыс және ұлттық дәстүрлерді түсіну қабілеттерін қалыптастырады. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары негізінде дамыған ұлт ойындарын тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған жөн.

Дегенмен де салт дәстүрлер мен әдет ғұрыптарды таныстыру: Ұлттық құндылықтарды балаларға ұғындырудың тиімді әдісі – ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, қазақ халқының үлкендерге деген құрметі мен кішілерге деген қамқорлығын түсіндіру арқылы балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға болады. Халықтық салт-дәстүр – қоғамның рухани, мәдени байлығы, адамгершілік қарым-қатынастарындағы негізгі құндылықтар. Ата-бабаларымыздың даналық сөздері мен тәрбиелік ойлары ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Мысалы, Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» – деп айтқан [5].

Ұлттық әдебиетпен таныстыру, яғни ұлттық әдебиет балалардың коммуникативті дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының бай әдеби мұрасы, Абай Құнанбайұлының, Ыбырай Алтынсариннің, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары арқылы балаларға адамгершілік, патриотизм, адалдық және де достық сияқты құндылықтар түсіндіріледі. Әдеби шығармаларды оқу, талқылау, кейіпкерлердің әрекеттері мен сөздерін талдау баланың тіл байлығын арттырып қана қоймай өз ойын дұрыс жеткізуге үйретеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ойын еріктетіп, тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем сөз өнерін балаға тыңдатып, санасына сәуле түсіру, халық қазынасының музыкалық үнінен нәр алдыру оның ең алғашқы ұстазы – ана тілінен басталады. Баланың әңгімелеп айтуға, оқып тыңдатуға, жаттап айтуға арналған таңдалған материалдар олардың даму деңгейіне, жас шамасына лайықты болуы тиіс. Әрбір бала күнделікті іс-әрекетінде неге қызығып, не нәрсеге еліктейтінін ата-анасы жақсы біледі. Арнайы жинақталған суретті кітапшалар, әңгіме-ертегілер, мақал-мәтелдер және шығармалар баланың әдет-дағдыларын тереңдете түседі.

Көркем шығармаларды әңгімелеп беру оқып беруден айырықша. Әңгімеші мәтінді сезбесіз емес, еркін айтып береді. Тәрбиеші өзі беріле әңгімелесе, балалар да үн шығармастан тыңдайды. Тәрбиеші манерлеп оқу үшін алдымен сөйлеу техникасына жаттығу, дыбыстау мүшелерінің қызметін дұрыс меңгеру керек. Тәрбиеші көркем шығарманы манеріне келтіріп, әсерлі оқу үшін алдымен өзінің дыбыстау мүшелерінің қызметін жетік біліп, әрбір тіл дыбысы қалай жасалады, қалай оқылады дегенге баса назар аударып, жаттығуы қажет. Баланы ана тілінде анық, таза сөйлеуге үйрету ісінде жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі айтқызудың маңызы зор екендігін зерттеу нәтижелері дәлелдеген. Мысалы: Жаңылтпаш. Халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, сөздік қорын молайтып, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған [2].

Сонымен жоғарыдағыларды қорыта келе, ұлттық құндылықтар арқылы ересек жастағы балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту — тәрбие мен білім беру процесінің маңызды бағыттарының бірі. Ұлттық құндылықтар балаларға тек білім мен тәрбие беру ғана емес, олардың коммуникативті дағдыларды дамыту арқылы балалардың өз ойын еркін жеткізуі, пікір алмасуы, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс қарым-қатынас жасауы қамтамасыз етіледі.

Ұлттық құндылықтар негізінде жүргізілетін коммуникативті дағдыларды дамыту, балалардың өз мәдениетін түсінуі, оны дұрыс бағалауы мен құрметтеуі үшін қажетті негіз болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллаева Г. Ш. Қазақ тіліндегі коммуникативті дағдыларды дамыту әдістемесі. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Айтбаев, Ә. Б. Ұлттық құндылықтар мен мәдениет: теориясы мен практикасы. Астана: Фолиант, 2017.
3. Максаков, А.И. Развитие речи детей дошкольного возраста. – М.: Знание, 2021.
4. Салиева А.Ж., Пономарева Ю.С. Формирование коммуникативных умений старших дошкольников в процессе игровой деятельности в ДОУ // Актуальные вопросы современной науки: Сборник научных трудов. – 2021.

5. «Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» (облыстық ғылыми-практикалық конференция) 25 желтоқсан Атырау, 2013 ж.
6. Глаголева К. С. Л.С. Выготский о роли игры// Молодой ученый. - 2017. - № 4 (138),
7. Шмаков С. А. Игры учащихся - феномен культуры. - М.: Новая школа. - 2014.
8. Құдайбергенова, А. Дошкольный возраст и развитие социальных навыков у детей. — Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2016ж.

Азилхан А.Б. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Педагогика факультеті,
ДОиВ-23-1к тобының студенті
(*Аманбек Ж.О. мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы*)

ИННОВАЦИЯ: ЖАҢА ИДЕЯЛАРДЫҢ АЛТЫН ДӘУІРІ

Инновация - қазіргі заманның негізгі қозғалтқыш күштерінің бірі. Әлемде болып жатқан технологиялық, экономикалық және әлеуметтік, білімдік өзгерістер қоғамның барлық салаларында жаңа идеялар мен шешімдердің пайда болуына себепші болды. Инновация ұғымы тек ғылыми және техникалық жетістіктермен шектелмей, қоғамның әрбір аспектісінде жаңа көзқарастар мен тәсілдердің дамуына ықпал етуде. Инновация термині латынның «innovare» сөзінен шыққан, бұл сөз «жаңарту» немесе «өзгерту» деген мағына береді. Қарапайым тілмен айтқанда, инновация - бұл жаңа идеялар, өнімдер, қызметтер, процестер немесе технологиялар арқылы қоғамда өзгерістер мен жетістіктер жасау.

Инновацияның негізгі мақсаты адам өмірінің сапасын арттыру, жаңа мүмкіндіктер жасау және бұрыннан бар мәселелерді тиімді шешу. Инновациялар ғылыми-техникалық прогрестен бастап, әлеуметтік жүйелер мен басқару құрылымдарына дейінгі көптеген салаларда кездеседі. Олар экономиканың дамуында, әлеуметтік әл-ауқаттың жақсаруында, білім беру мен денсаулық сақтау салаларында маңызды рөл атқарады. Инновациясыз қоғамның дамуы мүмкін емес, себебі кез келген қоғамның өсуі мен өзгеруі жаңа идеялардың пайда болуына байланысты. Жаңа идеялар - инновацияның негізі. Өйткені, әрбір инновацияның артында шығармашылық ойлау, жаңашылдық көзқарас, әрі тәжірибе жасау тұр. Технология мен ғылымның дамуында жаңа идеялар жиі кездеседі, және олар қоғамның түрлі салаларына әсер етеді. Мысалы, интернеттің пайда болуы немесе жасанды интеллекттің дамуы тек технологиялық прогресті ғана емес, адамдардың өмір салтын да түбегейлі өзгерткен жаңашыл идеялар болып табылады. Интернет қазіргі қоғамда маңызды рөл атқарады. Ол адамдар арасындағы байланыстарды жеңілдетіп, әлемнің кез келген түкпірінде орналасқан адаммен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, әлеуметтік желілер арқылы адамдар өз ойларын, жаңалықтарын бөлісіп, түрлі қауымдастықтарға қосылып, бір-бірімен пікір алмасады. Интернет білім алу саласын түбегейлі өзгертті. Оқу материалдары мен кітаптарды интернеттен табуға болады, бұл білімге қолжетімділікті арттырды. Қашықтан оқу бағдарламалары мен онлайн курстар көптеген адамдарға білім алу мүмкіндігін берді. Студенттер әлемнің кез келген нүктесінен университеттер мен мектептердің ресурстарын пайдалана алады. Сонымен қатар, білім берудегі интерактивті құралдар мен платформалар оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Электрондық коммерция (e-commerce) интернеттің бизнесте қолданылуының бір айқын мысалы. Интернет арқылы түрлі тауарлар мен қызметтерді сатуға мүмкіндік бар. Онлайн дүкендер мен платформалар бизнесті кеңейтіп, дүние жүзіндегі сатып алушыларға жетуге жол ашады. Сонымен қатар, интернет кәсіпкерлерге өз брендтерін әлеуметтік желілерде жарнамалауға, өнімдерін көрсетіп, онлайн сату жасауға мүмкіндік береді [1,13-14б].

Интернет ақпараттың жылдам таралуына мүмкіндік береді, бұл журналистика мен медиа салаларын да өзгертіп жіберді. Әлеуметтік желілер мен жаңалықтар сайттары арқылы адам сағатына жүздеген жаңалықтарды біліп отырады. Саяси алаңда да интернет маңызды рөл атқарады - қоғам белсенділері, саясаткерлер мен азаматтар түрлі мәселелер бойынша өз пікірлерін ашық түрде білдіре алады. Интернеттің арқасында ақпараттың еркін ағымы мен саяси қозғалыстар әлемнің кез келген жерінде пайда болады. Алайда интернеттің бірқатар қауіптері де бар: Жеке деректердің қауіпсіздігі: Интернетте жеке деректердің ұрлануы мен қолданылуы - маңызды мәселе. Онлайн банкинг, әлеуметтік желілер мен сауда